

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Түлектер қауымдастығының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы Есебі.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Түлектер қауымдастығының миссиясы - университет пен түлектер арасындағы байланыс жолдарын ашу, түлектерге еңбек нарығының талаптарына белсенді жауап беруге мүмкіндік беретін қажетті даярлықты ұсынуға ұмтылу, бір жағынан түлектер мен университет, екінші жағынан өңірлік және жергілікті қоғамдық институттар арасындағы байланыстарды қолдау тетіктерін құру.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Түлектер қауымдастығының мақсаттары:

- Түлектер мен университет арасында берік қарым-қатынас орнатуға жәрдемдесу.

- Түлектер арасындағы серіктестік пен ынтымақтастықты нығайту.

- Түлектердің өз университетіне деген адалдық сезімін тәрбиелеу.

- Түлектерге мамандану салаларына сәйкес келетін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін іздеуге көмектесу.

- Жақсы жұмыс таба алу үшін олардың дағдылары мен кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында түлектерге оқыту курстарын өткізу.

2022 жылдың 4 қарашасында «Түлектердің 1 форумы» өткізіліп, қауымдастықтық жаңа басшысы болып Дузельбаева Гульшат Берікбайқызы сайланды.


Қауымдастық **қараша-желтоқсан** айларында келесідей жұмыстарды атқарды:

1. Қауымдастық мүшелігі қайта сараланып, заңды тіркеуден өткізу үшін Қызылорда облысы бойынша Әділет департаментіне жолданды;

2. Қауымдастық мөрін қайта жасауға тапсырыс берілді;

3. Қауымдастықтың 2023 жылда атқаратын іс-шара жоспары әзірленуде;

4. Қауымдастық университет сайтында <https://korkyt.edu.kz/page/176> және әлеуметтік желілерде <https://www.instagram.com/p/Ckv3cQOjkFn/> (инстаграмм, фейсбук) өз парақшасын ашты, өз эмблемасын жасады. Қазіргі таңда ол парақшаларға тіркелу жүріп жатыр, түлектер туралы барлық ақпараттар салынуда.



5. 15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университеті және түлектер ассоциациясының ұйымдастыруымен «Біз түлектерімізбен мақтанамыз» атты акция ұйымдастырылып, Қызылорда қаласында жұмыс жасайтын банк сала қызметкерлеріне арнайы мерекелік іс-шара өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты — университет түлектерімен ынтымақтастықты нығайту, студенттерге кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру, университеттің материалдық-техникалық базасына түлектердің қосатын үлесін арттыру. Сонымен қатар, білім ордасының 85 жылдығы аясында барлық банк саласының басшыларын, қызметкерлерін мерекелік салтанатты жиынға шақырту болды.



6. 17 қараша – **Дүниежүзілік философия күніне** орай Қауымдастық атынан «Философия» кафедрасында жұмыс жасайтын университет түлектері, қазіргі таңда осы кафедраның оқытушылары арнайы құттықталды.



7. 17 қараша – **Дүниежүзілік студенттер күніне орай** «Экономика және құқық» институтының «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының 1 курс СР-20-3 оқу тобының студенті **Жапан Ақеркеге** – (тұл жетім) қауымдастық атынан азық-түлік себеті (продуктовая корзина) табысталды.

8. 3 желтоқсан – университеттің **85 жылдық мерекесі орай** университеттің 20 түлегіне арнайы қауымдастық атынан лента даярланып, мерекелік іс шараға қатыстырылды. Сонымен қатар, мерейтойға қауымдастық атынан **1 570 000** теңге көлемінде қаражат тартылды.

9. Университеттің институционалды аккредитациядан өтуге дайындық барысында **2022 жылдың 23 қарашасында** арнайы 31 түлекпен әртүрлі білім бағдарламалары бойынша ZOOM платформасында онлайн кездесу өткізілді. Негізгі мақсат – қауымдастықтың міндеттерімен және университет түлектерімен атқарылатын іс-шара жұмыстарымен таңыстыру, жалпы түлектердің аккредитацияда қандай бағыттар бойынша сұхбарттар жүргізілетіні туралы ақпараттар берілді.

10.18 желтоқсан – **ҚР «Энергетиктер» күніне** орай университеттің «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген «ЖОО-Түлек-Жұмыс беруші»: тиімді серіктестіктің болашағы» атты дөңгелек үстелге Қауымдастықтан өз үлесін қосып, әржылдары осы білім бағдарламасы бойынша білім алған түлектерді мерекемен құттықтап, келешекте осы білім бағдарламасы бойынша білім алушылардың кәсіби практикалары, олардың жұмысқа орналасу мәселелері талқыланды.



11. Университет құрамындағы «Аробиологиялық орталықты» 2023 жылы көгалдандыру және «Түлектер аллясын» ұйымдастыру мақсатында 2022 жылдың 9 желтоқсанында агробиология оратылығы, су шаруашылығы, экология мамандары және «Инженерлік-технология» институтының 4 курс бітіруші түлектерімен кездесулер өткізілді. Бұл жұмыстар 2023 жылы жалғасын табады.

12. Қауымдастық мүшелігі қайта сараланып, заңды тіркеуден өткізілді (тіркеу туралы анықтама 30.01.2023 ж. берілді)

Справка о государственной регистрации юридического лица

БИН 091240005462
бизнес-идентификационный номер

Город Кызылорда 7 декабря 2009 г.
(населенный пункт)

Наименование: Общественное объединение "Ассоциация выпускников Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата"

Местонахождение: Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке Би, здание 29А, почтовый индекс 120014

Руководитель: Руководитель, назначенный (избранный) уполномоченным органом юридического лица ДУЗЕЛЬБАЕВА ГУЛЬШАТ БЕРИКБАЕВНА

Учредители (участники): ЕРНАЗАРОВА ГУЛЬБАРШЫН ШАРШЫБЕКОВНА
ДОСЖАНОВ МАКСУТ ЖАРЫЛКАСЫНОВИЧ
АЙМАГАМБЕТОВА АИДА ДАУКАРАЕВНА
АХАНОВ СЕРИК МЕЙРАМБЕКОВИЧ
КӨРБӨЗҰЛЫ БАҒДАТ
ШЕГЕНБАЕВ АБЗАЛ ТЛЕУБЕРГЕНОВИЧ
АБДИКАРИМОВ БАХЫТХАН ЖУНАЙДОВИЧ

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасымалдағын құжаттан бірдей. Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Электронный документ подписывается С/с еgov.kz сайтында, сондай-ақ «электрондық үнімет» веб-порталына мобильді қосымшасы арқылы тәуірлі алады.
Проверить подлинность электронного документа Вы можете на egov.kz, а также посредством мобильного приложения веб-портала «электронного правительства».



13. 12 қаңтар 2023 жылы 85 жылдық аясында өткізілген университет іс-шараларына белсенді араласқа әріптес-түлектеріміз «DALATEX» ЖШС бас директоры Д.М.Абизовке және НК «Құрылыс» ЖШС бас директоры Н.Ж.Сопбековке «Korkyt ata Endowment» корпоративтік қорының» директоры Базараханова М.Б. және «Түлектер Ассоциациясы» төрайымы Дuzельбаева Г.Б. университет басшысы атынан Алғыс айтып, университет түлектерімен әрі қарай ынтымақтастықты нығайту, студенттерге кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру, университеттің материалдық-техникалық базасына түлектердің қосатын үлесін арттыру мәселелері бойынша кездесулер өткізілді.

14. 27.01.2023 ж. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» кафедрасының және ««Түлектер Ассоциациясы» ұйымдастыруымен «Қызылорда Облысы шаруашылықтарының су мамандарымен қамтамасыздығы және оны жетілдіру мәселелері» атты дөңгелек үстел өткізілді.

15.«Korkyt ata Endowment» корпоративтік қорының» директоры Базараханова М.Б. және «Түлектер Ассоциациясы» төрайымы Дузельбаева Г.Б. Қызылорда қаласында орналасқан «Умай» балабақшасының ұйымдастырған «100 дос-100 кітап» акциясына өз үлесімізді қосып, бүлдіршіндерге жас ерекшеліктеріне байланысты кітаптарды сыйға тарттық.



16. 11 ақпан 2023 ж. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде түлектер қауымдастығының «Open talk» форматында кезекті түлектер кездесуі өтті. Басқосуға әр жылдары білім алған түлектер, университет басшылығы мен профессор-оқытушылар жиналды. Қатысушылар 2023-2025 жылға арналған университеттің стратегиялық даму жоспарын талқылады.



Жиында Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Сәрсемханқызы оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту мен дамытуға үлес қосып жүрген түлектерге алғыс білдірді.

«Бүгінгі жиында әр салада жемісті еңбек етіп жүрген түлектеріміз жиналып отыр. Осы сәтті пайдалана отырып, 85 жылдық мерейтойда қолдау көрсеткен Асқар Махамбетов, Анар Ізден, Ділмұхамед Абизов, Мұхит Төребаев бастаған барлық түлектерімізге алғыс білдіремін. Сондай-ақ, сіздердің араларыңызда

«Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлері Серік Жайырбаев, Ақбота Мамадияр бар. Біз әрдайым түлектеріміздің жетістіктерімен мақтанамыз. Сіздердің тәжірибелеріңіз бен кәсібилік қабілеттеріңіз бүгінгі жас толқынға үлгі», - деді Б.Кәрімова.

Жиынның модераторы әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай кездесудің мақсат-міндетіне тоқталды.



Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Бөрібаева өз сөзінде университетте атқарылған жұмыстарды таныстырып, алдағы жоспарлармен бөлісті.

Кездесу барысында «Best-servis LTD» ЖШС бас директоры Асқар Махамбетов атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, сұранысқа ие сапалы кадр даярлауда өз ұсынысын білдірді.

«Қазіргі таңда өңірімізде жұмысқа орналасу үлкен мәселе. Сондықтан кадр дайындағанда экспортқа шығатын студенттер санына назар аударуымыз керек. Сапалы кадр-сапалы білім. Бізде педагогтарды дайындауға үлкен мүмкіндік бар. Себебі, ізі бар, тәжірибелі мамандар бар. Сондықтан педагогика саласына басымдық беріп, осы бағытта көшбасшы атануымыз керек. Сонда ғана өңірде ғана емес, республикада, халықаралық деңгейде сұранысқа ие мамандар әзірлейміз», - деді Асқар Аралбайұлы.

Білім алушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану, олардың жайлы демалуы үшін университет ғимараттарында кинозал, кітап дүкендері, кофе бұрыштар, коворкинг аймақ, агробиологиялық аймақты абаттандыру, жасыл университет жобасы ұсынылды. «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының директоры Пірмұхамед Сыздықов облыстағы кәсіпкерлердің қатысуымен жиын өткізіп, талқылауды ұсынды. Сонымен қатар, «DALATEX» ЖШС-нің директоры Ділмұхамед Абизов, Назарбаев мектебінің мұғалімдері Серік Жайырбаев пен Ақбота Мамадияр, қоғам белсендісі Эрик Теңізбаев, «Quyzylorda» телеарнасының режиссері Нұржан Батыршаев және химия пәнінің мұғалімі Ақмарал Серікқызы креативті пікірлерін білдірді. Қатысушылар түлектер қауымдастығының төрайымы Гүлшат Дүзелбаеваға алғыстарын білдіріп, кездесу университет жастарының әсем әнімен қорытындыланды.

Айта кетейік, университеттің 85 жылдық мерейтойы аясында алғаш рет түлектер форумы ұйымдастырылып, «Біздің түлектер» атты электронды кітабы әзірленді. Алдағы уақытта әр бағыт бойынша түлектер кездесуін ұйымдастыру жоспарланды.



16. 9 наурыз 2023 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті түлектерінің ассоциациясы және «Business-Start» бизнес инкубаторының ұйымдастыруымен «Social innovation projects» семинары өтті.



Білім алушыларға арнайы ұйымдастырылған семинардың спикері - «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» төрайымы Ізден Анар Жарылқасынқызы. «Әлеуметтік инновациялық жобалар» тақырыбы аясында өткен тренингке түлектер

қауымдастығының төрайымы Гүлшат Берікбайқызы, Business-Start бизнес инкубаторының мамандары және университеттің 30 белсенді студенті қатысты.

Қатысушылармен танысудан бастау алған семинарда теориялық біліммен қатар практикалық тапсырмалар орындалды. 2 сағатқа жуық өткен тренингте әлеуметтік және коммерциялық жобалар, жобалар мен бағдарламалардың арасындағы айырмашылық, стартап дегеніміз не?, идея, инновация тақырыптары қозғалды. Семинар барысында белсенді болған 2 қатысушыға спикер өзінің кітапханасынан мотивациялық кітаптарды сыйға тартты.

Әлеуметтік инновациялық жобалар тақырыбы аясында өткен кездесудің нәтижесінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 12 студентіне әлеуметтік жобаларға қатысуға Анар Жарылқасынқызы 3 күндік семинар өткізуді қолға алды.

Алдағы уақытта жастардың, белсенді студенттердің әлеуметтік жобалар туралы білімін арттыру мақсатында кездесулер өтетін болады.

2023-2024 оқу жылы атқарылатын негізгі жұмыстар

1. Қауымдастық мүшелерімен жиналыс өткізу – жоспарға сәйкес;
2. Университет түлектерінің жалпы қорын жасақтау, «**Табысты түлектер**» туралы материалдар жинау. Ақпаратты әлеуметтік желілер және өзге де көздер арқылы жинау және өңдеу, «**Университет түлектері – оның игілігі**» электрондық стендтерін шығару және т. б. –**2023 жыл қыркүйек-желтоқсан**;
3. Университетте даярланатын білім бағдарламалары бойынша кәсіби мереке күндерге сәйкес өткізілетін іс-шараларға түлектермен кездесулер өткізу - **бекітілген кестеге сәйкес**;
4. Әр жылдардағы түлектерді университеттің ғылыми бағыттағы және имидждік іс-шараларға қатысуға тарту – **бекітілген кестеге сәйкес**.

Қауымдастық төрағасы:



Г.Б.Дузельбаева